

## **Атырау облысы Исатай ауданының су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы**

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 ақпандағы № 12 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 наурызда № 4603 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 10 бабы 2 тармағының 5-8) тармақшасына сәйкес су объектілерін әуесқойлық (спорттық) балық аулау үшін пайдалану мақсатында Исатай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Атырау облысы Исатай ауданының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтары ортақ су пайдалану талаптарын ескере отырып белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Исатай ауданы әкімінің орынбасары Е. Абилхасимовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Мурзиев*

Исатай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20  
ақпаны № 12 қаулысына қосымша

## **Атырау облысы Исатай ауданындағы су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтары**

1. Исатай ауданының әкімшілік аумақтары шегіндегі Бақсай, Нарын, Сборный-Саржігіт каналдарының учаскелері:

1) Бақсай каналы Қамысқала ауылдық округінің солтүстік шығысындағы Үш көпір учаскесінен бастап  $N47^{\circ}24'59.53^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}24'39.94^{\circ}B$  координаттарымен Қамысқала ауылдық округінің оңтүстік батысындағы Шопан учаскесіне дейінгі  $N47^{\circ}19'37.28^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}9'8.79^{\circ}B$  координаттарымен ұзындығы 26 786 метр;

2) Бақсай каналы Тұщықұдық ауылдық округінің оңтүстік шығысындағы Ақкөл учаскесінен бастап  $N47^{\circ}18'37.96^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}9'9.82^{\circ}B$  координаттарымен Тұщықұдық ауылдық округінің оңтүстік батысындағы Тұщықұдық ауылының шекарасына дейінгі  $N47^{\circ}14'39.55^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}3'45.50^{\circ}B$  координаттарымен ұзындығы 14 461 метр;

3) Нарын каналы Қамысқала ауылдық округінің солтүстік шығысындағы Тасоба учаскесінен бастап  $N47^{\circ}31'39.53^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}12'44.85^{\circ}B$  координаттарымен Қамысқала ауылдық округінің солтүстік батысындағы Қызыл көпір учаскесіне дейінгі  $N47^{\circ}27'18.10^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}5'47.58^{\circ}B$  координаттарымен ұзындығы 19 476 метр;

4) Нарын каналы Тұщықұдық ауылдық округінің солтүстік шығысындағы Қызыл көпір учаскесінен бастап  $N47^{\circ}19'21.84^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}2'26.92^{\circ}B$  координаттарымен Аққыстау ауылдық округі, Аққыстау ауылының солтүстік шығысындағы Қаратүбек учаскесіне дейінгі  $N47^{\circ}13'48.89^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}1'37.95^{\circ}B$  координаттарымен ұзындығы 15 781 метр;

5) Нарын каналы Аққыстау ауылдық округі, Аққыстау ауылының солтүстік шығысындағы Қаратүбек учаскесінен бастап  $N47^{\circ}13'48.89^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}1'37.95^{\circ}B$  координаттарымен, Жанбай ауылдық округі, Жанбай ауылының оңтүстік батысына дейінгі  $N47^{\circ}1'20.62^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}46'49.23^{\circ}B$  координаттарымен ұзындығы 31 250 метр;

6) Нарын каналы Жанбай ауылдық округі, Жанбай ауылының оңтүстік батысынан бастап  $N47^{\circ}1'18.60^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}46'31.35^{\circ}B$  координаттарымен Жанбай ауылдық округі, Қызтуған учаскесінің солтүстік батыс соңғы нүктесіне дейінгі  $N47^{\circ}4'2.93^{\circ}C$ ,  $E50^{\circ}35'57.15^{\circ}B$  координаттарымен ұзындығы 20 854 метр;

7) Жасқайрат каналы Қамысқала ауылдық округі, Жасқайрат елді мекенінің солтүстік шығысындағы Сборный-Саржігіт каналынан бөлініп шыққан тармағынан бастап  $N47^{\circ}42'22.11^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}6'40.63^{\circ}B$  координаттарымен Сборный-Саржігіт каналының солтүстік батысындағы канал тұйықталғанға дейінгі  $N47^{\circ}41'41.69^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}3'12.41^{\circ}B$  координаттарымен ұзындығы 4600 метр;

8) Сборный-Саржігіт каналы Қамысқала ауылдық округінің солтүстік шығысындағы соңғы нүктесінен бастап  $N47^{\circ}43'23.56^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}8'39.79^{\circ}B$  координаттарымен, Қамысқала ауылдық округінің Сарыазбан учаскесіндегі Саржігіт суатына дейінгі  $N47^{\circ}35'11.93^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}2'9.49^{\circ}B$  координаттарымен ұзындығы 28 660 метр;

9) Шыныбек каналы Аққыстау ауылдық округі, Аққыстау ауылының оңтүстік батысынан бастап  $N47^{\circ}12'25.27^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}59'12.21^{\circ}B$  координаттарымен, Аққыстау ауылының солтүстік батысындағы канал тұйықталғанға дейінгі  $N47^{\circ}11'51.47^{\circ}C$ ,  $E51^{\circ}52'9.40^{\circ}B$  координаттарымен ұзындығы 9 273 метр.